

Әдебиеттер тізімі

Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: Оқулық / Алматы, – 2006. – 256 б.

Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі / Алматы: мектеп, – 1984. – 176 б.

Асқар Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары / Астана, – 2004, – 29 б.

Есіркепова К.Қ. 1960-1980 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф.Оңғарсынова, М.Айтқожина, А.Бақтыгереева, К.Ахметова шығармалары негізінде) / Қостанай, – 2010. – 153 б.

Нұршайықов Ә. «Махаббат, қызық мол жылдар», – 2002.

ЕСІРКЕПОВА, К.К., КАНАПИНА, С.Г., БЕКЕТАЕВА, А.А., КЕНЖЕБАЙ, Л.А., МИРАНБЕК, Д.Д., ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ АНТОНИМОВ В РОМАНЕ АЗИЛЬХАН НУРШАЙКОВА «МАХАББАТ, КЫЗЫК МОЛ ЖЫЛДАР»

В статье анализируется этимология антонимов, дается ссылка на высказывания ученых-исследователей. Также рассматривается стилистическая функция антонимов в романе Азильхана Нуршаикова «Махаббат, кызык мол жылдар».

Ключевые слова: антоним, антонимы присущие существительному, противоположность, стиль, значение.

ESIRKEPOVA, K.K., KANAPINA, S.G., BEKETAEVA, A.A., KENZHEBAY, L.A., MIRANBEK, D.D., FEATURES OF THE USE OF ANTONYMS IN THE NOVEL «MAHABBAT, KYZYK MOL ZHYLDAR» BY AZILKHAN NURSHAIKOVA

The article analyzes the etymology of antonyms, there is a link to the publication of scientific researchers. Also considered is the stylistic function of antonyms in the novel Azilkhan Nurshaikova «Mahabbat, kzyyk mol zhyldar».

Key words: antonym, antonyms inherent in the noun, opposite, style, meaning.

ӘОЖ 8.81**Қанапина, С.Ғ.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Наби, Т.Б.,

*Қазақ тілі мен әдебиеті
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

Жетписбай, С.Б.,

*Қазақ тілі мен әдебиеті
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

Қабдрахим, Ұ.Қ.,

*Қазақ тілі мен әдебиеті
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ

Қостанай, Қазақстан

**ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ «ҚАРТҚОЖА» РОМАНЫ ТІЛІНДЕГІ
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Түйін

Қазақ ауыз әдебиетінің гасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп, атадан балаға мұра болып келе жатқан бай саласының бірі – қазақтың мақал-мәтелдері. Берілген мақала Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, этнолингвистика, даналық ой, рухани қазына, әдеби мұра.

1. Кіріспе

Халық ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен салыстырғанда, мақал-мәтелдердің өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері болады. Біріншіден, мақал үлкен толғау арқылы берілген тұжырымдалған ой қорытындысы. Ол адамның тұрмысында, күнделікті өмірде кездесетін сан қилы өмірлік құбылыстарға, тарихтағы маңызды орны бар оқиғаларға берілген тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

Мақал-мәтелдердің басқа мәдениет мұраларынан ерекшелігі көлемі жағынан шағын, мазмұны жағынан бай ғана емес, оның барлық қазақ қауымына ортақтығында, ойға қонымды, жалпыға түсінікті болуында [1, 78б.].

Мақал араб тілінен аударғанда «орынды айтылған сөз» деген мағынаны береді. Мәтел сөзі де түпнұсқада айтылуына, жазылуына [масал]>[мәсел] байланысты тұлғасы өзгертіліп алынған араб сөзі. Бұл сөздерді мақал-мәтел деп қосарлап айтқандағы мақсат – «әрі мысал, әрі тәмсіл дегенді аңғарту».

Біздің халқымыздың өмірінде маңызды орын алған халық ауыз әдебиетінің бұл жанры қағаз беттеріне ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғана түскен болатын. Тіл ғылымының профессоры Дандай Ысқақ «мақал әр кезеңнің оқиғасынан сыр шертеді» дейді. Ал мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым паремиология ғылымы деп аталады.

Мақалдар мен мәтелдердің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарына тоқталсақ. Әбдуәли Қайдардың «Халық даналығы» еңбегінде мақал-мәтелге берген тұжырымдамасы: «мақал-мәтелдің жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің (мақал және мәтел) тура мағыналарынан туындаса, мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы, идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын ажыратудың бір өлшемі осы. Екінші өлшемі мақал, әдетте жалпылама мағынаны білдірсе, мәтел белгілі бір жағдаятқа байланысты іске асқан, не асуға тиісті құбылыстың, іс-әрекеттің тек өзіне ғана тән мағынасын білдіруге бейімділігі» [2, 56б.].

Қазақ мақал-мәтелдерінің маңыздылығы біздің заманымызда өте қатты ұлғаюда. Бүгінгі таңда еліміз егеменді ел болып, дамып жатқанда, бұл ортақ қазына қараңғы түнде тура жол сілтеп тұрған жарық жұлдыз іспеттес [3; 5б.].

Жәрдем Кейкіннің «Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі» атты еңбегінде мақал мен мәтелге мынадай анықтама берілген: Мақал – сөз анасы. Әдемі ұйқасты, үйлесімді ырғақты, өлеңді өрнекпен не шешендік қара сөзбен айшықталған, қысқа да нұсқа айтылатын нақыл сөздердің мәйегі. Көбінесе екі тармақтан құрылады. Бірінші тармағында ойдың түп негізі пайымдалады, екіншісінде ой қорытындыланып түйінделеді. Мақал сөздер тура және ауыс мағынада қолданылады.

Мәтел мақалға ұқсас, бірақ мақалдай екі-үш тармақты емес, өлеңде тұжырымы тұспал түрінде болатын, ықшам да кестелі нақыл сөз. Толғана, зерделей білер адамның санасына терең ой салуға сұранып тұрған сөз өрнегі делінген [3; 6].

Мақал мен мәтел құрылысы, түрі, сөз саптауы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас келеді. Бірақ өзара айырмашылығы да бар. Басты айырмашылық – бұлардың мазмұнында. Қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады, мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып табылады. Ал мәтелдерде бұл секілді мазмұнды, оқиғалы әңгімелер өте аз кездеседі. Мәтелдер, көбінесе, сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы («Ханнан қазық, биден тоқпақ», «Көппен көрген ұлы той») ретінде қолданылады. Мәтел айтылатын ойды турасынан білдірмей, тұспал түрінде, әр қилы салыстыру, теңеу арқылы жеткізеді; кейбір жеке сөздер тыңдаушы өзі аңғарып түсінеді деген оймен әдейі қалдырылып кетеді. Бұл мәтелдің өзіне тән ерекшелігінің бірі. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады. Мақал аз сөзге терең мағына сыйғыза отырып, күнделікті өмірде көріп білгендерін, басынан өткізген кезеңдерін, алған тәжірбиелерін қысқа, әрі үлгі түрінде береді. Бұл жақтан алғанда, мақалдар өсиет-өнеге, нақыл сөздер есебінде қызмет атқарады. Мақалды тудырушы – қарапайым халықтың өзі.

Мақал адам өмірінің барлық салаларын қамтыған. Бірақ заман талабына сай өзгеріске ұшыраған. Мысалы, еңбек туралы айтылған мақалдардан халықтың оған деген көзқарасын

білуге болады. «Еңбегі бардың – өнбегі бар», «Еңбек түбі – мереке». Сонымен қатар мал сырын жақсы білген дана халқымыз төрт түліктің өзіне тән ерекшелігін де атап өткен. «Ат шаппайды, бап шабады», «Ұрыға мал құтаймас», «Жылқы – малдың патшасы» деп ойын нақты білдіріп отырған. Бір айта кететін жайт, қазақ мақал-мәтелдерінің басты қасиетінің бірі қанша уақыт өтсе де мән-мағынасын жоймаған, ескірмеген. Тіліміздегі мақал-мәтелдер фразалық тіркестер тізіміне жатады. Дегенмен мақал-мәтелдер мен идиомалардың өздеріне ғана тән белгілері бар.

Мақал-мәтелдердің сөздерінің өзі көбінесе тиянақты болып келеді, алайда ол тиянақтылық идиомадағыдай бір тұтас лексикалық мағынамен бірігіп кеткен тұтастық емес. Мәселен, «білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады», «жаман туған бергенше, жақсы жолдас бер» деген мақалдарды алсақ, осындағы мақалдардың ішіндегі сөздердің де өз орнын тапқанын байқаймыз, сөздердің орнын ауыстырсақ, мағынасы өзгеріп, орныққан норманы бұзған боламыз. Мақал-мәтелдің арасына артық сөз салып ара жігін ажыратып айтуға да болмайды. Бұл тұста сөздердің тиянақты орналасуы жағынан мақал-мәтел мен идиомалардың өзара ұқсастығы бар екенін аңғарамыз. Солай бола тұрса да, мақалдардың синтаксистік тиянақтылығы идиомалардағыдай, сөздердің лексикалық формасы және лексикалық мағынасымен ұласып кете алмайды. Осы себепті де мақалдағы сөздер, көбіне, өзінің бастапқы дара мағынасын сақтап тұрады.

Ғалым Нұрғалиұлы Нұқанның айтуы бойынша: «Қазақ мақал-мәтелдері – белгілі бір тарихи кезеңнің ғана жемісі емес, қайта адамзат қоғамы жаратылғаннан бастап, әсіресе, оның басты белгісі сөйлеу құралы тіл пайда болғаннан бергі аса ұзақ замандардың жемісі. Халық бұқарасы өзінің өмір мен өндіріс және таптық күрес заңдылықтарын аңғарып, оны зерттеп-зерделеу, қорытындылау негізінде, қысқа да нұсқа жинақтап, мазмұн жағынан да, форма жағынан да образды да әсерлі бейнелеп, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, үздіксіз дамытып келген. Мақал-мәтел халқымыздың ұшан-теңіз мол тәжірибесінен, рухани өмірінен, ұшқыр қиялынан, ақыл ойынан туған тапқырлық өнерінің ең биігі саналады» [4;5]

Қазақ мақал-мәтелдерінде ерекше сөз болатын туған жер, отан, достық, ынтымақ, береке-бірлік, жауға деген өшпенділік, төрт түлік мал, өнер-білім, еңбек, адамның жақсы қасиеттерін қастерлеу, арлы болуға, адалдылыққа, кішіпейілділікке, табандылыққа шақыру тәлімі ерекше орын алған. Бұдан басқа тазалық, денсаулық жөнінде ақыл-кеңес беретін, шеберлікке, тапқырлыққа бастайтын тәлім-тәрбие беретін алуан түрлі өресі биік, ойы терең мақал-мәтелдер де өте көп.

2. Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Мақал-мәтелдің анықтамасы, қолданылу аясы мен ғалымдардың еңбектері қолданыс тапты. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» шығармасында қолданылған мақал-мәтелдер этнолингвистикалық сипаты жағынан талданды.

3. Нәтижелер мен талқылау

Жазушы Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы мақал-мәтелдер қолданысы.

1. «Ашу кәпір, ақыл дос». Адам ашуланған кезде көптеген теріс қылықтарды жасап өзін тежей алмаған жағдайда, әр түрлі нашар жағдаяттарға душар болады, ал жаман кеңес беретін адамдар бізге қас екені белгілі, сондықтан сабыр сақтап ақылын іске қосуы адамға оң әсер етіп, оған дос болады, демек жаман жайттарға түспеуге көмектеседі.

2. «Сақтықта қорлық жоқ». Бұл жерде адамның әрдайым өмірдегі әртүрлі пәле-жаладан абай болып сақтанған кезде ғана қорлық-зорлыққа ұшырамайтыны белгілі.

«Табиғат» тақырыбы. Жан-жануарлар дүниесіне қатысты ММ-дер:

1. «Жалғызда да, мыңда да құт бар». Бұл жерде басты кейіпкердің төрт түлігінің бастысы-жылқысы, яғни көк биесінің Қартқожаның отбасысына азық болып, сол үйдің малдарының құтын, демек берекесін келтіріп отыр деген мағынада жұмсалып тұр.

2. «Бір бие бұлақтың басы, екі бие елдің асы».

3. «Бөрі жоқ деме, бөрік астында». Бөрі жабайы аң болғандықтан, аш болған кезде қойларға түн ішінде, барлығы мұндайды күтпеген кезде тап береді, сол секілді өмірде адам-

дар арасында да, өзің дос деп санаған адам, кенеттен қас болып саған қарсы шығуы мүмкін, сол себептен адам әрдайым сақ, әрі байқампаз болуы қажет.

4. «Дүниеде қызы, келіншегі бар үйдің қабаған иті мен қақбас кемпірі болғаннан кесел жоқ».

5. «Жауынды күні ит пен бала құтырады». Бұл мақалдың мағынасы бір жаман жайт, не оқиға болған кезде бала кішкентай болған соң, ал ит жануар болған соң, айналада қандай жамандық болып, ол неге алып келетінін түсінбегендіктен еш уайымдайды деген мағынада жұмсалып тұр.

6. «Арыстан айға шабамын деп, аяғын сындырыпты». Бұл жерде мақал ауыс мағынада қолданылып тұр, ол күшің, мен істеген ісің қаншалықты мықты болса да, бұл істе ештеңе істей алмайсың деген мағынада жұмсалып тұр.

7. «Мал адамның бауыр еті ғой». Бұл мақал да ауыс мағынада қолданылып, мал қазақ халқында тек күнделікті пайдаланатын азық қана емес, сонымен қатар оны жақынына теңеп, үй жануарын бауыр еті деп санап, оны да баланы бағып, өсіру секілді адам баласы үшін істеген тіршілігінің нәтижесі, жемісі ретінде санап, төрт түлікті қастерлейтіндігін аңғартып тұр.

8. «Нар жолында жүк қалмайды». Бұл мақал да ауыс мағынада қолданылып, еңбек ететін адам әрдайым қиыншылықтарға төтеп беріп, оны ешбір қиындық тоқтатпайды деген мағынада жұмсалып тұр.

9. «Жуас түйе жүндеуге жақсы ғой». Бұл мақал адамның мінезіне қарап айтылатын мақал, жуас адамды ұрсып-сөуге, айтқанына көндіруге оңай деген мағынада. Сонымен қатар жуас жанның барлық нәрсеге көндіге қарайтындығына байланысты, одан күшті сотқар, тентектердің момындардың жуастығын пайдалану мағынасында қолданылған.

Мақал-мәтелдердегі сандар символикасы.

1. «Ел құлағы елу». Адамдар әрдайым жаңа нәрселерді, яғни жаңалықтарды біліп, алма-сып отырады. Күнделікті болып жатқан жайттардан адамдар әрдайым хабардар. Әр адамның таныстары, туған-туысқандары болғандықтан, жаңалық та көп болады, соған байланысты бір оқиға болған кезде сол жайтты көрген, естіген адам өзінің таныстарымен, ал ол адам басқаларымен жаңалығымен бөліседі. Сондықтан да, көп адамдар жалпыланып ел деп айтылып, олардың әр жерде құлақтары яғни таныс-тамырларының әр нәрседен хабардар екендігі айтылады.

«Адам» тақырыбы.

1. Біртағанды қара сөз түріндегі мәтел. «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу». Бұл жерде адам рухани жан дүниесіндегі ең керемет болып табылатын және уақыт өте келе пайда болатын сезім-махаббат сезімінде болған кезде, ұнатқан адамын кемшіліктерімен қоса қабылдап, ол адамның келбетін айналадағылар көріксіз деп есептесе де, оған сезімі бар адам, оны әлемдегі ең әдемі, яғни сұлу деп ойлайды, демек біреу белгілі бір адамның келбетін онша емес деп санаса, ал сол адамды сүйетін адам керісінше оны көрікті, сұлу деп санайды.

2. «Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар». Бұнда әйел адамының сұлу келбетін аспандағы ай мен күннің жарқырап шашылған сәулесіне балау, яғни асқан сұлудың келбетіне тәнті болу.

«Қоғам» тақырыбы. «Салт-дәстүр» тобына жататындар:

1. «Аталы сөзге арсыз таласады». Аталы сөз – біздің арғы ата-бабамыздан қалған, ел есінде қалған, көптеген тарихи кезеңдерді өткеріп, сақталған нақыл сөздермен тек қана оның мән-мағынасын түсінбеген арсыз, ұяты жоқ адам ғана таласпаса, басқалары таласпайды деген мағынада жұмсалып тұр.

Логикалық-семантикалық топ. «Мүдделестік» тобына жататындар:

1. «Бай бастас, батыр құлақтас». Ауыс мағынада қолданылған мақал, ол байлардың ойы тек қана байлығын, дүниесін көбейту болса, ал батырлардың ойлары басқа батырлардың ой-пікірінен хабардар болу екен деген мағынада жұмсалып елді басқаратын осы екі топтың мүдделері, екіге бөлінсе де, әр топтың ішіндегі көзделген мақсат ортақ екендігі аңғарамыз.

4. Қорытынды

Қорытындылай келе, мақаламызда баға жетпес асыл қазынамыз ауыз әдебиетінің бір тармағы мақал-мәтелдер сараланып, талқыланды. Мақал-мәтел – сөздің тұздығы. Мақал-мәтелдер ұрпақтар ойының қиыннан қиыстырылған жүйесі мен қоғамдық тарихы тәжірибеде қорытылған жиынтығы, даналық ойдың шежіресі мен халықтың рухани өмірінің энциклопедиясы.

диясы. Олар әлеумет өмірінің алуан саласын көркем образ түрінде бейнелеп, адамның сонау сәбилік дәуірінен сыр тартып, ұрпақтар үнінің жаңғырығынан елес беретін елгезек жанр. Ғылыми мақала Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы этнолингвистикалық мақал-мәтелдерді анықтауға арналған. Жазушы өз шығармасында мақал-мәтелдерді орынды пайдалана отырып, оқырман қауымына өзекті мәселелерді нақты да әсерлі жеткізе білген.

Әдебиеттер тізімі

Мәлік Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті / Алматы, – 1974. – 319 б.

Әбдуали Қайдар. Халық даналығы / Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, – 2004, – 560 б.

Қанапина С.Ғ. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі / Алматы: New book, – 2021. – 224 бет.

Жәрдем Кейкін. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі / Алматы:Өлке» баспасы. – 2002. – 448 б.

Нұрғалиұлы Нұқан. Қазақ мақал-мәтелдері / Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, – 2006. – 498 б.

Жүсіпбек Аймауытов. «Қартқожа» / Павлодар:ЭКО, – 2011. – 139 б.

КАНАПИНА, С.Г., НАБИ, Т.Б., ЖЕТПИСБАЙ, С.Б., ҚАБДРАХИМ, У.Қ.

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК НА ЯЗЫКЕ РОМАНА ЖУСУПБЕКА АЙМАУТОВА «КАРТКОЖА»

Казахские пословицы и поговорки – одна из богатейших областей казахской устной литературы, веками живущая вместе с народом и унаследованная от поколения к поколению. Данная статья посвящена изучению этнолингвистического характера пословиц и поговорок в романе Жусупбека Аймаутова «Карткожа».

Ключевые слова: пословица, поговорка, этнолингвистика, мудрая мысль, духовное сокровище, литературное наследие.

KANAPINA, S.G., NABI, T.B., ZHETPISBAY, S.B., KABDRAHIM, U.K.

ETHNOLINGUISTIC CHARACTER OF PROVERBS AND SAYINGS IN THE LANGUAGE OF ZHUSUPBEK AYMAUTOV'S NOVEL «KARTKOZHA»

Kazakh proverbs and sayings are one of the richest areas of Kazakh oral literature, living together with the people for centuries and inherited from generation to generation. This article is devoted to the study of the ethno-linguistic nature of proverbs and sayings in the novel «Kartkozha» by Zhusupbek Aymautov.

Key words: proverb, saying, ethnolinguistics, wise thought, spiritual treasure, literary heritage.

УДК 433

Бекмагамбетов, Р.К.,

кандидат исторических наук,
ассоциированный профессор
кафедры истории Казахстана,
КРУ им. А.Байтурсынова

Абасов, Н.А.,

магистрант, I курс, «История»
КРУ им. А.Байтурсынова
Костанай, Казахстан

ЭТНОГЕНЕТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ ТАТОВ: ИСТОРИОГРАФИЯ ВОПРОСА

Аннотация

Данная статья представляет собой историографический обзор источников и литературы по изучаемому вопросу. В статье представлены этимология термина, история употребления термина тат, историческая трансформация смысла данного термина. Обзор исторических источников представлен в хронологическом порядке, рассмотрены источники: средневековые тюркские и арабские, источники советского периода и современно-